

Қазақстандағы депозиттерге кепілдік беру жүйесі

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ 1999 жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесіне әкімшілік ету үшін құрылған. Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қордың құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.

Банк мәжбүрлі таратылған жағдайда кепілді өтемақыны төлеу үшін Қор банктердің тоқсан сайынғы жарналарының есебінен арнайы резерв қалыптастырады.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің құқықтық негіздері, сондай-ақ оның қатысушыларының құқықтары мен міндеттері «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

Қай банктерде депозиттерге кепілдік беріледі?

ҚР Ұлттық банкінен депозиттер қабылдауға, жеке тұлғалардың шоттарын ашуға және жүргізуге лицензия алған әрбір банк, ислам банктерін қоспағанда, автоматты түрде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктерінің өзекті тізімін www.kdif.kz сайтынан көруге болады.

Қандай депозиттер кепілдендіріледі?

Төмендегілердің ақшалары кепілдендіріледі:

- 1) азаматтығына қарамастан жеке кәсіпкерлерді қосқанда жеке тұлғалар;
- 2) ұлттық және шетел валютасында;
- 3) Ағымдағы шоттардағы, төлем карталары мен депозиттердің барлық түрлеріндегі.

ҚДКБҚ нені кепілдендірмейді?

- 1) Жеке тұлғалардың металл шоттары;
- 2) депозиттік сертификаттар;
- 3) банк ұяшықтарында орналасқан ақша мен құндылықтар;
- 4) ислам банктерінде орналастырылған депозиттер.

"Кепілдік берілген өтем" дегеніміз не?

Бұл банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда ҚДКБҚ-ның белгілі бір салымшыға төлейтін ақша қаражаттарының жиынтығы болып табылады.

Салымшы жеке әр банк бойынша әрбір салымшыға келетін ең жоғарғы мемлекеттік кепілдік сомасынан аспайтын мөлшерде депозит(-тер) бойынша қалдық сомасында, есептелген сыйақысыз, кепілдік берілген өтем алады.

Теңге және шетел валютасындағы депозиттер бойынша кепілдіктің ең жоғарғы сомасы қандай?

Банктердің әрқайсысындағы бір салымшының барлық депозиттері мен банктік шоттары бойынша мемлекеттік кепілдік келесідей:

15 миллион теңгені қоса санағандағы сомаға дейін — ұлттық валютадағы жинақ депозиттері бойынша;

10 миллион теңгені қоса санағандағы сомаға дейін — ұлттық валютадағы депозиттер бойынша;

5 миллион теңгені қоса санағандағы сомаға дейін — шетел валютасындағы депозиттер бойынша (қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген күні қалыптасқан валюта айырбастау бағамы бойынша баламада).

Егер салымшыда бір банкте бір мезгілде теңгемен және шетел валютасында орналастырылған 2 және одан көп депозиттері болса, **15 миллион теңгені қоса санағандағы** сомаға дейін кепілдік өтемі төленеді.

Мәселен:

1. Салымшыда 11 миллион теңгеге мерзімсіз салым ашылған. Кепілдіктің ең жоғарғы сомасы 10 миллион теңгені құрайды, 1 миллион теңгеге - кепілдік берілмейді.

2. Салымшының банкте 8 миллион теңгеге салымы және баламасы 8 миллионға тең болатын сомада АҚШ долларында ағымдағы шот ашылған. Қор қаражаты есебінен өтем сомасы 13 миллион теңгені құрайды: 8 миллион теңге - теңгедегі салым бойынша және шетел валютасындағы ағымдағы шот бойынша 5 миллион теңге.

Сыйақыға кепілдік беріле ме?

Депозиттер бойынша сыйақыға өтем төленбейді. Егер банктік салым шарты бойынша сыйақыны капиталдандыру қарастырылған болса, онда капиталдандырылған сыйақы депозит балансына қосылады және кепілдік объектісі болып табылады.

Мәселен

Салымшыда бір банкте сомасы 10 миллион теңгеге жинақ салымы бар. Жинақталған сыйақы - 1,2 миллион теңге, бұл ретте капиталдандырылған бөлігі 600 мың теңгені құрайды. Аталған жағдайда кепілдік берілген өтем салымның толық сомасын және салым бойынша капиталдандырылған сыйақы - 10,6 миллион теңгені құрайды.

Әртүрлі банкте бөлек орналастырылған депозиттерге кепілдік беріле ме?

Иә, егер сіз депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің бірнеше қатысушы банкіне депозиттер орналастырған болсаңыз, онда Сіздің осы әрбір банктегі бөлек салымдарыңызға мемлекеттік кепілдік сомасының ең жоғарғы сомасы шеңберінде кепілдік берілетін болады.

КДКБҚ деректері

Сайт: kdif.kz.

Телеграм-чат: @kdif_ask.

Байланыс орталығы: 1460 (тегін).